

Төленбергенова Н.Т.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТИІМДІ ИГЕРУ ЖОЛДАРЫ

Толенбергенова Н.Т.

ПУТИ ЭФФЕКТИВНОГО ОСВОЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Происходящие в современном обществе процессы демократизации и гуманизации оказывают огромное влияние на образование, в том числе и на совершенствование послевузовского образования. Целью статьи является разработка инновационной методики казахского языка в академии государственного управления на основе технологических карт.

The process of democratization and humanization occurring in the contemporary society has great influence on education and on improvement of vocational education as well. The aim of the research is working out effective methods which help to improve training future teachers of the Kazakh language on the basis of technological charts.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: «Халықтың барлық жіктерінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету; мемлекеттік тілді басым дамыту; білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру» т.б. көрсетілген міндеттер сапалы білім беру мәселелерін елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі ретінде қарастырып, Мемлекеттік басқару академиясының магистранттарының сапалы білім алуына жағдай жасайды [1,26.].

Мемлекеттік басқару академиясындағы қазақ тілі сабақтарын тиімді игерту, магистранттардың мемлекеттік тілде ойлау дәрежесін дамыту, берілетін білім сапасын жаңа заман талаптарына сай іріктеу мен меңгертуде технологиялық карта арқылы оқыту ерекше орын алады. Осы күнге дейін эмпирикалық деңгейде қалып келген дәстүрлі жоспарлау жүйесі қазіргі заман талабына сай қазақ тілі сабақтарын жоспарлаудың жаңа түрін қажет етеді. Магистранттардың сабақ барысында теориялық, практикалық ойлауын дамыту мұғалімнің дәстүрлі күнтізбелік жоспарында көрсетілмейді, кейде оқытушылар арасында ойлауды дамыту таза психологиялық проблема деп те санау бар. Мемлекеттік басқару академия магистрантын даяр білімді қабылдаушы объект емес, білімді өз бетімен ізденуші субъект деген түсінікке келу оқытушының сабаққа дайындалу жоспарын соған лайықтап құруды талап етеді.

Технологиялық карта арқылы қазақ тілін оқытудың басты ерекшелігі – магистранттардың өз бетімен білім алуына, олардың ізденімдік-зерттеу дағдыларының қалыптасуына бағытталады.

Мемлекеттік басқару академиясында қазақ тілін сапалы оқыту меңгертілетін материалдың жүйелі түрде ұсынылуымен тығыз байланысты. Өтілетін тілдік бірліктер бір-бірімен сабақтастырыла түсіндіріліп, теория мен практика өзара ұштастыра игерілуде технологиялық карта өте тиімді рөл атқарады.

Технологиялық карта оқушының білімін жүйелеп және талдап, бағалауда сабақтың сапасын жақсартумен бірге магистранттың кәсіби бағдарын арттырып, шеберлігін дамытады.

Қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту іс қағаздарын мемлекеттік тілде жаза білетін маман даярлауға игі ықпал етеді. Бұл тұста оқытушының басты міндеті – болашақ мамандарға технологиялық картаны қолдана білуді үйрету, сабақ барысында өз бетімен орындалатын тапсырмалар, магистранттардың білім деңгейін дұрыс анықтау, оқушылардың білім деңгейін стандарт деңгейінен жоғарылату болып табылады. Қазақ тілін оқытудың дәстүрлі жоспарлауынан технологиялық картаға өту магистрантты сабақ үстінде іздене білуге, тілді толық меңгеруге жетелейді.

Сабақ жүргізу барысында технологиялық картаның теориялық, әдістемелік негіздерін білу – оны қолдану амалдарын меңгеруді қажет етеді. Қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту әдістемесіне төмендегідей анықтама беруге болады:

Қазақ тілін технологиялық карта арқылы меңгерту – қазақ тілін оқыту әдістемесін игерту үшін жұмсалатын оқытушы мен академия магистрантының жасырын күші мен біртұтас әрекетінің белсенділігін арттыруға негізделген әр тақырыпты жоспарлау.

Технологиялық карта қазақ тілін оқытудың басты компоненті бола отырып, өзіндік жүйеден тұрады. Жүйе теориясының қалыптасуы биология ғылымында Л. Фон Бергаланфи, Н.А. Бернштейн, П.К. Анохин т.б. ғалымдар еңбегіне, психологияда Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, М.М.Мұқанов, лингвистикада В.Фердинанд де Соссюр (Тіл – жүйелердің жүйесі), Бодуэн де Куртэнэ, А.Байтұрсынұлының пікірлеріне байланысты оқытудың жаңа технологиялары жүйесі В.В.Беспалько, М.М. Монахов, Ж. Караевтың еңбектері негізінде анықталды. Педагогика ғылымында жүйе – бір-бірімен қатынаста және байланыста болатын, сол арқылы белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын элементтердің жиынтығы деп қарастырылады.

Жүйелілік ұстанымы арқылы технологиялық картаның мазмұны мен құрамы анықталды. Қазақ тілінен жазылатын технологиялық картаның әрбір құраушы бөлімдерінің өзі жүйелік жолмен талданды. Жүйе ұстанымы технологиялық карта арқылы тілді меңгертуде негізгі орын алып, магистранттардың сабақ үстінде ойлауы мен тілін дамытудың негізі ретінде үйретілді.

Технологиялық карталар арқылы оқыту идеясы педагогикаға 1990-шы жылдары енді. Сол жылдары оқытудың сапасын арттыру ізденістері жаңа бағыт алды. Педагогика ілімінде технологиялық карта деген ұғым білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады.

Технологиялық карта оқу материалын жүйелеу мен жоспарлау тізімі, магистранттың зейінін басты тақырыпқа аударып, әр түрлі мәселелерді бір мақсатқа шоғырландыратын амал, тәсіл ретінде қарастырылып жүр.

Академияға арналған қазақ тілін оқыту әдістемесінің типтік бағдарламасында, стандартта қалыптасқан әдістемелермен бірге тілді оқытудың жаңа технологиялары да қамтылған. Дидактикалық, әдістемелік зерттеулерде дәстүрлі жоспарлаудың көптеген түрлері көрсетілген. Дәстүрлі әдістеме бойынша жазылған сабақ жоспарында тақырыптан шығатын нәтиже көрсетілмейді, тақырыпты меңгерту барысында магистранттардың жеке қабілеті мен ұсынылатын материалдың танымдық бірлігі іске аспайды, үйренушінің шығармашылық мүмкіндігі толық ескеріле бермейді.

Академия магистрантының белсенділігін білім мазмұны арқылы жүзеге асыру, сол мақсатқа оқытушы мен магистранттың бірлесе отырып бағыт алуы технологиялық картаның ерекшелігін білдіреді. Тақырыпты игеру үшін академия магистранты берілген мәтін, жаттығу мен тапсырмаларды орындаудың шарттарын зерттеп тани алуы керек.

Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын технологиялық картаның құрылымы мынадай мәселелерді қамтиды:

1. Тақырыптың жалпы мақсатын нақтылау.
2. Міндеттерді жүйелеу.
3. Оқушының тақырыпты меңгеру барысындағы өз бетімен жұмысын мөлшерлеу.
4. Тақырып бойынша білім деңгейін анықтау.
5. Тақырып бойынша білім деңгейін стандарт деңгейінен жоғарылату.

Тақырыптың жалпы мақсаты – технологиялық картаның ең негізгі бөлімі. Тақырыптың жалпы мақсаты әр деңгейдің ерекшелігін ескере отырып, пән бағдарламасы және стандарт талаптары бойынша құрастырылады.

Тақырыптың міндеттері деңгейлік жұмыстардың орындалу әдіс-тәсілдерін белгілей отырып, мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуына қатысты амалдарды, орындалатын жұмыстарды қамтиды.

Тақырып бойынша орындалатын өз бетімен жұмыс магистранттың шығармашылығын, ойлау қабілетін дамытатын бөлім. Академия магистранты дайын білімді қабылдай салатын объектіден, дүниетанымы кеңейген, өз бетімен ойланып, тақырыпты дамытатын жеке тұлға субъектіге айналады.

Тақырып бойынша білім деңгейін анықтау бөлімі жоғарыда көрсетілген бөлімдердің жалғасы. Оқытушы магистранттың білімін анықтап, бағалауда стандарт талаптары мен пән бағдарламасында көрсетілген бағалау нормаларын басшылыққа алады. Білімді анықтауды оқытушы әр түрлі формада жүргізеді (тестілеу, ауызша, жазбаша, бақылау жұмыстары т.б.). Стандарттық деңгейдегі магистранттарға «қанағаттанарлық», стандарттан жоғарыларға «жақсы», стандарттан өте жоғары деңгейін орындаған оқушыларға «өте жақсы» деген бағалар қойылады. Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқушыларда пәнге деген қызығушылық пайда болып, білімін төменгі деңгейден жоғары деңгейлерге көтеруге ұмтылыс байқалады.

Тақырып бойынша магистранттың білімін стандарт деңгейінен жоғарылату – нәтиже бөлімі. Үлгерімі төмен оқушыларға тақырыптың мақсаты, міндеттері, қажетті материалдар түсіндіріліп, өз бетімен ізденуге уақыт беріліп, оқушы білімі қажетті деңгейге көтеріледі.

Осы құрылымдық бөлімдердің әрқайсысы үш деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асырылады. Ол деңгейлер: **стандарттық, стандарттан жоғары, стандарттан өте жоғары.**

Бірінші деңгей «стандарт» деп аталады. Аталған деңгейді таңдап, тапсырмаларды орындаған магистранттың білімін оқытушы «қанағаттанарлық» деген бағамен бағалайды. Екінші деңгей «стандарттан жоғары» деп аталады. Бұл деңгейдің тапсырмалары стандарт деңгейінен күрделірек болады. Стандарттан жақсы деңгейді орындаған оқушыға

«жақсы» деген баға қойылады. Үшінші деңгей «стандарттан өте жоғары» деп аталады. Бұл деңгейдің тапсырмалары бірінші және екінші деңгейден күрделі. Үшінші деңгейді орындаған оқушылардың білімі анықталып, «өте жақсы» деген баға қойылады. «Стандарт» деңгейін өткен оқушы «стандарттан жоғары» деңгейдің талаптарын орындауға тырысады. Ал екінші деңгейде оқып жүрген оқушылар үшінші деңгейге өтуге ұмтылады. Деңгейлік тапсырмалар пәнді игеруге қажетті, атап айтсақ, мәтінді мәнерлеп оқу, мәтінге жоспар құру, мәтіннің мазмұнын 2-3 сөйлеммен ашу, мәтінді өз ойыңмен толықтырып мазмұндау т.б. сияқты жұмыстардан тұрады.

Қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқытудың сапасы келесі факторларға байланысты: магистранттың талабы мен қызығушылығына,

оқытушының педагогикалық-әдіскерлік тәжірибесіне, ұсынылатын тақырыптың қажеттілігіне.

Қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту – оқытушы мен оқушылардың екі жақты белсенді эрекетінен тұратын және тәжірибеде қолданылатын басқа оқыту жүйелерімен тығыз байланысты, оқыту әдістемесінің жаңа үлгісіне бейімделген сабақты жоспарлаудың жүйесі.

Қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту оқу жүйесін сапаландыруға, оның басты принциптерін жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту барысында дыбыс, сөз, сөйлем, мәтіннің түрлері жайлы ғалымдардың пікірлері басшылыққа алынды. Қазақ тілін технологиялық карта арқылы меңгерудің лингвистикалық негізі фонетиканы, лексиканы, грамматиканы оқыту мәселелеріне байланысты. Ауызша сөйлеу, жазу мәдениетін оқытуды жетілдіру мәселесі тіл білімі мен әдістеме ілімін өзара ұштастырады. Осы мәселелерге байланысты А.Исабаев, Ш.Әуелбаев, Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, Ф.Оразбаева, Б.Құлмағанбетова, М.Балақаевтың тұжырымдары мен нақты әдістемелік ұсыныстары негізге алынады.

Технологиялық картадағы білім мазмұнын оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйе құрайды. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқытудағы басты мақсат - сөйлей білуге, өз ойын айта білуге үйрету, сондықтан тілдік қатынас бірінші орында тұрады да, грамматика сол тілдік қатынасқа негізделеді.

Технологиялық карта арқылы тіл материалдарын, жаттығу тапсырмаларын, тіл дамыту жұмыстарын жүргізу қазақша сөйлей білуге, өз ойын айта білуге бағытталады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқытуды сапалы деңгейге көтеру мәселесі күннен-күнге қарқынмен өсіп келеді. Ондай ізденістердің дамуы білім беру жүйесінде пайда болған қарама-қайшылықтар мен оларды сапалы дәрежеде шешу міндетіне байланысты. Мемлекеттік басқару академиясында қазақ тілін оқытуды сапалы ұйымдастырудағы маңызды мәселелер – кәсіптік білім беру жүйесінің стандарты мен оқу бағдарламаларына сәйкес оқулық, оқу құралдарымен бірге вариативтік оқу мазмұнын енгізу, оқу-әдістемелік ұстанымдарды жетілдіру, магистранттардың танымдық белсенділігін дамыту, олардың теориялық, практикалық ойлауы мен тілін дамытуды қамтамасыз ету.

Технологиялық карта арқылы оқытудың ерекшелігі төменгі мәселелерден көрінеді:

1. Технологиялық карта арқылы оқыту магистранттың жеке тұлғасын дамытуды басты мақсат етіп, өз бетімен білім алуға дағдыландырады.
2. Мемлекеттік басқару академиясының магистранты дәстүрлі жүйедегідей оқытушыдан

білім қабылдаушы объект емес, өз бетімен ізденуші, өзін-өзі дамытушы субъект ретінде тәрбиеленеді.

Технологиялық карта арқылы қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздерінің жүйелік құрамы: тақырыптың жалпы мақсаты, міндеттер жүйесі, оқушының өз бетімен жұмысы, тақырып бойынша білім деңгейін анықтау, білім деңгейін стандарт деңгейінен жоғарылату. Бұл бөлімдер педагогикалық талаптың орындалуын қамтамасыз етеді.

Академия магистранттарына қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту тәрбие ісімен қатар жүргізіледі. Болашақ басқару жүйесіндегі мамандардың дүниетанымын, сенім мен талғамын тәрбиелеу сабақта іске асады. Магистранттардың қоғамдық санасын қалыптастыру оқытушы мен оқушы арасындағы тең дәрежеде тілдік қатынастың болуын, технологиялық карта арқылы жұмыстың тиімді жүзеге асырылуын керек етеді. Магистранттарға тілді үйретуді мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен сабақтастыра меңгерткен дұрыс. Қазақ тілі сабақтарында технологиялық карта арқылы меңгерілген мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, жаңылтпаштар мен өлеңдердің тәрбиелік мәні зор. Технологиялық картадағы мәтіндерден магистранттар адамгершілікке, ізгілікке, ұлтжандылыққа тәрбиеленеді. Технологиялық карта арқылы оқылған, талданған Абайдың қара сөздері үйренушілердің танымдық көзқарастарын қалыптастырады.

Магистранттардың таным, ойлау процестерінің психологиялық ерекшеліктері, еріктің технологиялық карта арқылы оқытуда алатын орны зор. Академия магистранттары – қазақ тілінен білім алуда көптеген психикалық күйлерді басынан кешуші субъект. Академиялық оқу процесінде маңызды орын оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытуға беріледі. Технологиялық карта арқылы оқытуда ес пен жады, ойлау мен сөйлеу сияқты танымдық процестердің маңызы зор. И.И.Морозов таным процесінің құрылымын былай көрсетеді:

- 1.Субъектілік бейнелеу.
- 2.Алдыға қойған мақсат.
- 3.Сезінгенін сыртқа білдіру[3,23 б.].

Ғалымның пікірінше, осы құрылымның біріншісіне интуициялық физиологиялық фактор жатады. Адам өміріндегі өзі түйсінген нәрселерінен көп сигналдар қабылдайды, ол сигналдар тітіркенулер түрінде өтеді. Тітіркенулер нақты түрде өткенімен барлығы бірдей түйсікке бара бермейді

(И.Сеченовтың «жүйке іздері», И.Павловтың «динамикалық стереотиптері»). Сонда таным процесінің алғашқы сатысы түйсікке жетпеу және тұтастай бейнелей алу қабілетінен тұрады. Алғашқы сатының нәтижесі – рецепторлардың тітіркенуі мен жүйке жүйесінің қабылдағыштық сезімталдығы. Танымдық процестің екінші сатысы – алға қойылған мақсатқа сай бағдар. Бұл кезеңді И.И. Морозов

психикалық процесс деп санайды. Мұнда тұлғаның өзі түйсінетін объективтік күйі танылады.

Академия магистранты технологиялық картамен жұмыс барысында түйсінген нәрсені теориялық және практикалық тұрғыдан шешу қажеттігін анықтап, сыртқы тітіркендіргіштерге жауап қайтарады. Бұл кезеңде ес пен жады белсенді қызмет атқарады. Таным процесінің үшінші кезеңі – магистранттың сырттан келген ықпалға берген реакциясы. Ол бір бағытта және жауап ретінде сыртқы дүниеге сәйкес келуі тиіс, нәтижесі – қызметтің жүзеге асырылуы.

Қазақ тілін оқытудың психологиялық ерекшеліктері Ж.Аймауытовтың, Т.Тәжібаевтың, М.М.Мұқановтың, Қ.Жарықбаевтың, С.Рахметованың, П.Шабельниковтың, С.Жақыповтың, Ж.Даулетбекованың, Ә.Алдамұратовтың зерттеулеріне сүйене отырып анықталды.

Технологиялық картамен оқыту кезінде ойлаудың көптеген түрлері қолданылады. Қазақ тілі сабақтарында ойлау психологиясы мен ойлаудың сөздік-логикалық, көрнекі-әрекеттік, бейнелі немесе көрнекі-бейнелі, теориялық, практикалық, аналитикалық, интуитивтік түрлері кеңінен қолданылады.

Сонымен, қазақ тілін технологиялық карта арқылы меңгерту дегеніміз – қазақ тілін оқыту

әдістемесін игерту үшін жұмсалатын оқытушы мен академия магистрантының жасырын күші мен біртұтас әрекетінің белсенділігін арттыруға негізделген әр тақырыпты жоспарлау болып табылады.

Технологиялық карта академия магистранты мен оқытушының өзара ізгілік қатынасы негізінде құрыла отырып, тілдің әдістемесін сапалы меңгеруге ықпалын тигізеді.

Өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге негізделген технологиялық карта академия магистрантының оқуға деген ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырады.

Қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту тіл үйренушінің білімін болашақ мамандықтарына қатысты жетілдіруге көмегін тигізеді.

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясындағы қазақ тілін технологиялық карта арқылы оқыту - оқушының қабілетін дамытып, сабақтың сапасын арттырады, өмірге икемділігін дамытып, олардың сапалы білім алуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы//Егемен Қазақстан, 2004, 16-қазан. Б.1-4.
2. Морозов И.И.Природа интуиции. Минск: Университет, 1990. Б. 53.